

егемен

Қазықаспан

“Қазақстандық ұлт”: идея және ақиқат

1994 жылы жас кәсіпкерлер көтерген “қазақстандық ұлт” идеясы елімізді оқтын-оқтын дүрліктіріп, пікірталас туғызып келеді. Бір топ қазақ интеллигенциясының паспорт ауыстыруға байланысты үндеуінде “қазақстандық ұлт” идеясы бірте-бірте біздің сан ғасырлық ата-баба рухымен байланысымызды, тілімізді, рухани құндылықтарымызды жойып, жаңа космополиттік болашақ қалыптастыратыны ешкімге құпия емес делінген. “Қазақстандық ұлт” идеясы 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарға енгізілуіне байланысты қазақ ұлтының тарихтан жойылуы мемлекеттік саясатқа айналды, ал ұлтын көрсетпейтін жаңа төлқұжат сол бағыттағы басты қадам деп есептелінді.

Үкімет ұлтын көрсетпейтін паспорт беруге дереу тыйым салды. Әділдік жеңді, бірақ көптеген сауалдар жауапсыз қалды. Қоғамдық пікір әралуан. Оны шартты түрде төрт топқа бөлуге болар.

Бірінші топ жағдай күрделі, “қазақстандық ұлт” идеясы қазақтарды мемлекет құрушы ұлт мәртебесінен айырады деп есептейді. “Сан ғасырлық ата-баба рухының, тіліміздің, дініміздің, ұлттық мәдениетіміздің тамырына балта шабылды”, – делінді жаңа паспортқа байланысты үндеуде. Үндеудің мәтінін қолдамағанмен, паспортқа байланысты қарсылықты біз де сұхбаттарымызда құптадық, себебі Конституция бойынша ұлтын көрсету не көрсетпеу азаматтың өз құқы. Дегенмен большевизмнің ұлтсыздану саясатынан жапа шеккен, жарақат алған Қазақ елінің басшылығы енді өзі өз қолымен өз тілін, мәдениетін тұншықтыруға бет алды деуге сену мүмкін емес.

Екінші топ жағдайдың күрделі екені рас, бірақ елді дүрліктіруге негіз жоқ дейді. Сан ғасырлық рухани құндылықтар паспортта ұлтымыз көрсетілмегендіктен бір сәтте жойылмайтыны белгілі, себебі рухтың тамыры тереңде. Шетелдік қазақтардың арасында паспорттыңда ұлты көрсетілмесе де рухы биік азаматтар баршылық деген уәжге тоқтайды.

Ал біздің паспорттымызға ұлтымызды енгізу жай ғана сөз емес, оның астарында ұлтты таңдау, терең психологиялық толғаныс жатыр. Сонда да елді дүрліктіру онсыз да тіл, мәдениет, әлеуметтік мәселелерге алаңдап отырған қазақ қауымын үрейлендіріп, шиеленіске итермелейді. Ал “қазақстандық ұлт” идеясы әлі де терең саралайтын мәселе деп есептейді олар.

Үшінші топ жағдай қалыпты, тіпті алаңдауға негіз жоқ, тоталитаризм заманымен салыстырсақ, ахуал жер мен көктей, бізге тек байсалдылық керек дейді.

Төртіншілер билік те, байлық та қазақтың қолында, демократия этнократияға айналып, қазақ ұлтшылдығы басым болып барады дейді. Бұл пікір диаспора өкілдерінің арасынан жиі естіледі. Оларға сырттан дем берушілер де көп. “Қазақстандық ұлт” мәселесінен ешқандай қауіп-қатер жоқ дегенді алға тартады.

Осы ой-пікірлердің әрқайсысының астарында шындық жатыр, сонымен бірге “қазақстандық ұлт” идеясы төңірегінде жаңылыс пікір, түсініспеушіліктер де жоқ емес. “Бір ел – бір ұлт” идеясын ұстанатын елдер әлемде баршылық, олардың тәжірибесі де ойланарлық. Сондықтан, “қазақстандық ұлт” идеясына ғылыми және әлемдік тәжірибе тұрғысынан біз де пікір алмасу ретінде ойымызды ортаға салуды мақұл көрдік.

Этнос және ұлт

Ұлттық фактордың әлемде және жеке мемлекеттерде ұдайы өсуі түрліше, оның ішінде нигилистік ағымдардың пайда болуына, таралуына себеп болды. Кейбір ғалымдар ұлттық қауымдастықтардың ақиқаттығына күмән келтіріп, оны адамдардың санасындағы жалған ұстаным деп, аңызға саятындар көбейді. Мәселе ұлт сияқты ұғымның төңірегінде көп жылдар бойы созылып келе жатқан пікірталасты жалғастыруда емес. Мәселе осы ұғымға көзқараста және одан туатын нақты саяси ұстанымдарда болып отыр.

Бүгінгі әлеуметтік ғылымда ұлт ұғымы екі жақты мағынада пайдаланылады:

а) әлеуметтік теория қоғамды таптық, топтық, кәсіби жіктермен бірге этностық қауымдастықтар мен этностық топтарға да бөледі, оларды кейде ұлт деп атап жатады;

ә) ұлт терминін саяси ұлт мағынасында да, мемлекет азаматтарының қауымдастығы ретінде де пайдаланады. Мемлекеттің ұлттық құрамы жөнінде сөз болса, біз қазақ, орыс, татар және басқаларды ұлттар, этностар деп айта береміз, ал Батыс ілімінде “ұлт” пен “мемлекет” ұғымы синонимдер. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы – мемлекеттер ұйымы дегенді білдіреді. Бізде “ұлттық табыс”, “ұлттық экономика”, “ұлттық компания”, “ұлттық банк”, тағы да басқа сөздерде “ұлттық” деп этностық мағынада емес, мемлекеттік мәнінде айтамыз.

Ұлт сөзінің екі мағынада қолданылуында тұрған ештеңе де жоқ. Бірақ екі сапалы құбылысты білдіретін бір терминді пайдалану қаншалықты орынды деген сауал туады. Себебі, бұл екі ұғымның артында екі әлеуметтік қауымдастықтың – этностықтың және мемлекеттіктің – мәні тұрғаны және оларды ажырату қажеттілігінің де барлығы белгілі.

Мәселе осы екі ұғымды ажыратуда ғана емес, мәселе бүгін үзілді-кесілді ұлттың этностық мәнінен бас тартып, мемлекеттік, азаматтық мәнін ғана мойындауға итермелеуде болып отыр. Осы тұрғыдан бүгін “ұлт мәселесі”, “ұлт саясаты”, “ұлтаралық қатынастар” кеңес заманынан қалған ескірген ұғымдар болып отыр. “Ұлт” терминіне әртүрлі анықтама беруге болар, (бүгін ғылымда 60-тан астам анықтамалар бар), оның терең тарихи, әлеуметтік тамырын, тіл бірлігін, мәдени ерекшеліктерін, дәстүрі мен салтын көрмеу мүмкін емес. Кеңес заманында ұлтты дөрекі тарихи материалистік тұрғыдан саралай келе, ұлт болмысының территорияға, шаруашылығына зор мән беріліп, оның этностық сана-сезіміне мән берілмесе, рухани мәдениетін, дәстүрін тіпті жоққа шығаруға тырысса, бүгін кеңес заманындағы біржақтылықты сынай келе, енді екінші шекке шығу орын алуда, ұлттың ақиқаттығына күмәндану, оны субъективтік идея, қиял ретінде түсіну

тараған. Бұл жерде қалай бұлдырақтатқанмен, ұлттық нигилизм айқын көрініп тұр. Ұлтты тек қана ұлттық сана-сезімге теңеу, оны менсінбеу философиялық тілмен айтсақ, субъектінің артындағы объектіні көрмеу, ұлттың дамуын, жанаруын оның жоғалуына теңеу, дамудағы сабақтастықты мойындамауға әкеліп отыр. Мысалы, ресейлік тарихшы В.Тишков көптеген еңбектерінде ұлттың этностық мәнін жоққа шығаруға тер төккен ғалым. Ол “Вопросы философии” журналының 1998 жылғы 9-нөмірінде жарияланған “Забыть о нации (пост-националистическое понимание национализма)” атты мақаласында ұлт дегеніміз жай ғана ұран, азаматтарды бірлікке жұмылдыратын идея ғана, ешқандай ғылыми категория емес. Ұлттық идея ұлтшылдыққа бастайды, ал ұлтшылдық бір ұлттың тіліне, сол тілде білім алуға, ұлттың тарихына, әдебиетіне, дініне, адамгершілік қағидаларына артықшылық беріп, қоғамда жік туғызады. Философ Эрнест Гельнер айтқан “ұлт ұлтшылдықты тудырмайды, ұлтшылдық ұлтты тудырады”, деген қағиданы ол өзінше түсінеді.

М.Горбачев бастаған қайта құру, қоғамды демократияландырудың сәтсіздікке ұшырауының себебі ұлт ұғымын мемлекеттік мәнінде емес, этностық мәнінде қабылдаудан болды. Себебі, ұлт ұғымы міндетті түрде ұлттық мемлекетшілікке, ұлттың өзін-өзі билеуіне әкеледі дейді автор.

“Этнические казахи, русские, татары, латыши и прочие как нации должны обязательно политически самоопределяться и иметь свое собственное государство. Если они же не имеют “своей национальной государственности”, то они есть некая полу-нация или неполностью состоявшаяся нация”, деп В.Тишков жақтырмаған сыңай танытады. Кеңес Одағын ыдыратуға тырысқан Батысқа ұлтшылдық көмектесті. Елді басқарудың демократиялық жолдарын талқылау ұлтаралық қайшылықтар мен қақтығыстарға ойысты дейді автор.

Ұлтты шынайы қауымдастық емес деушілер әлемдік әдебиетке жиі-жиі сілтеме жасап, батыс тәжірибесіне сүйенеді. Батыс әлеуметтік ғылымы мен кеңестік ғылыми теориялар арасында үлкен алшақтық бар, маңызды категорияларды әртүрлі тұрғыдан түсіну, ұлт мәселесін әртүрлі пайымдау орын алған. Әрине, шетелдік ғылымға сүйену, кеңес заманындағы қалыптасқан идеологиялық догмалардан арылу да керек. Ал енді әлеуметтік теорияда этнос сияқты нақты әлеуметтік қауымдастықтарды теориялық тұрғыдан бейнелейтін терминнен бас тарту – негізсіз.

Этнос идеясын мойындау не мойындамау тек ғылыми пікірталас емес. Ол ғылыми мәжілістерде талқылаумен шектелмейтін, тікелей өмірге, этностардың мәртебесіне, ұлт саясатына қатысы бар тұжырымдама. Егер ұлт артында тірегі жоқ, жай ғана билікке таласқан ұлттық бюрократияның ұраны, белгілі бір мақсатқа ғана қол жеткізетін құрал болса, мысалы, неге Ресейді федеративтік мемлекеттен унитарлық мемлекетке айналдырып, В.Тишков айтқандай, “многонародная православная нация” демеске? Неге грузин деген ұлт жоқ, тек мингрел, сван, кахетиндер, тағы да басқа ұсақ этностардан құралған Грузия деп аталатын жасанды мемлекет бар деп, оны ыдыратуға күш салмасқа? Неге Қазақстан шекарасын анықтағанда этнос деген негізі жоқ

идеяның жетегінде болып, орысша көп сөйлейтін территорияны Ресейге, ал қазақша сөйлейтін жерлерді ғана Қазақстанға бермеген? Үш жүзден, сансыз рулар мен рулық топтардан тұратын қазақ деген этностың барлығы күмәнді, осы орыс тілі басым территория Ресейге қосылуға өзі сұранып тұрған жоқ па деген сияқты сан қилы сауалдар бүгін қойылуда. Біздің орыс тілді қазақтарды ресейлік ғалымдар кейде “біздің қара орыстар” деп жатады. Ұлт ұғымының этностық мазмұнын тарылтып, оған болмашы мән берудің астарында қанша зіл, жарылғыш жатқанына кейде мән бере бермейтініміз ойландырады.

Енді ұлт ұғымының екінші мәні – саяси ұлт, азаматтардың бірлігі, мемлекеттің тұтастығы туралы мәселеге келейік. Әр мемлекеттің алаңдайтын мәселелерінің барлығы, олардың әртүрлі жағдайларға байланысты екендігі белгілі. Қазақстан халқын бүгін ұлтына, дініне қарамай ойландыратын мәселелер жетерлік: мемлекеттің тәуелсіздігі, тұрақтылығы, шикізаттық ел болып қалмау, жемқорлықпен күрес, елдегі келісімді сақтау, білім сапасы, денсаулық сақтау, азаматтардың өмірін ұзарту, қоршаған ортаның тазалығы, тағы басқалар. Мемлекетке жалпы ортақ мәселелер төңірегінде Қазақстан халқын топтастыру, тиімді іс-әрекетке жұмылдыру, соның негізінде этностық қауымдастық емес, азаматтық қауымдастыққа қол жеткізуді біз қазақстандық ұлт деп түсінуіміз де, түсіндіруіміз де керек еді. Бірақ ұлт ұғымын тек бір ғана этностық мағынада түсінетін біздің қоғам бұл сөзге үлкен сақтықпен, тіпті сенімсіздікпен қарады. Оны қазақ ұлтына балама, жаңа этнос деп қабылдаушылар басым болды. Ондай секем алып, үрейленуге негіз де жетерлік.

Алайда “қазақстандық ұлт” идеясын ұсынатындар жаңалық ашып отырған жоқ, “бір ұлт – бір мемлекет” идеясы кең тараған әлемдік тәжірибеге назар аударалық.

“Американдық ұлт” деген не?

Американың әлемдегі қуатты, бай, озық технологиясы бар, білімді, мәдениетті елге айналуының басты себебінің бірі – көпұлтты, көпнәсілді елдің бірлігі, басты құндылықтар төңірегіндегі топтасқандығы. 1790 жылғы халық санағы бойынша ел халқының 80 %-ын ақ нәсілділер құрады, олардың 87%-ы англосаксондар, 13%-ы немістер, ал 20%-ы азаматтық құқтарынан айырылған африкандық құлдар мен “жергілікті” американдықтар еді. Ол кезде американдықтар тұтас бір ұлтқа айналмаған.

Дж. Вашингтон кезінде әрбір азаматты өзінің американдық екеніне, дербес ұлт екеніне мақтаныш етуге және шет елдердің қастық әрекеттерінен сақ болуға шақырған. Оның себебі, тіпті мемлекеттің іргетасын қалауға ат салысқандардың өзі тарихи отанынан қол үзбек түгіл, оларға жалтақтай беретін болған.

Дін жағынан Американы негізінен протестант дініндегілер құрады. Бірте-бірте мемлекеттің ұлттық және діни құрамы өзгере бастады. XIX ғасырдың ортасында ирландықтар мен поляктардың қоныс аударуына байланысты католиктер де көбейді. Дегенмен, 1928 жылы американдықтар католикті президент етіп сайламады, тек 1960 жылы католик президенттікке сайланды. 1930 жылдан еврейлер билікке араласа бастады, бірақ олар өз

ұлтына назар аудармауға тырысты. Франклин Д. Рузвельт тұсында бірінші еврей Генри Моргантау қаржы министрі болды. Бірте-бірте билікке немістер, поляктар, афроамерикандықтар араласып, елдің сеніміне ие болды, олар мемлекеттік хатшы, президенттің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшілері болды. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Америкаға қоныс аударушылар көбейді. 2000 жылы халық санағының қорытындысы бойынша, Америкада тұратын шетелдіктердің үшеуі Латын Америкасы мен Азиядан шыққандар болды. Американдық демократия барлығына білім алуына, еңбек етуіне тең жол ашты, нәсілге қарай шеттетуге тыйым салынды. Ал 2008 жылы қара нәсілді Барак Обама президент болып сайланып, Ақ үйге қожа болды.

Бүгін АҚШ-тың 286 миллион халқының 37 миллионының тегі латындық, 37 миллион афроамерикандықтар, 11 миллион Азиядан шыққандар, 3 миллион американдық үндістер. Еуропадан шыққандар үлес салмағы азайды. Ал латынамерикандықтар мен Азиядан шыққандардың үлесі тез өсті.

Американдық ұлтты қабылдау жай азаматтықты қабылдау ғана емес, Американың өткен тарихына, бүгінгісіне және болашағына да жауапты болу, Америка мүддесін бәрінен де жоғары қою. Сондықтан азаматтық алмастан бұрын, Америкаға қоныс аударған адам өзін алдын ала американдық болып сезінеді, тілін, ділін, дәстүрін, өмір салтын, ең бастысы заңдарын қабылдайды. Соның өзінде де американдық ұлт азаматтардың тегін бір қазанда қайнатып, балқытып, мүлде жаңа этнос жасай алмады. Ықпалды этностық топтар, лоббистер ішкі және сыртқы саясатқа өз ықпалын бүгін де жүргізіп отырады. Олар бірыңғай қоныстанады да: еуропалықтар солтүстік-шығыста, орталық-батыста қоныстанса, еврейлер – Нью-Йоркте, кубалықтар – Флоридада басым. Армян, грек, еврейлер өздерінің ниетіне жақын саяси қозғалысты қаржыландыруға дайын. Диаспораларды тарихи отанының тағдыры терең ойландырады. 1944 жылы Сталин мен Рузвельт келіс-сөздерінің барысында Польша туралы Кеңес Одағының жоспарын Рузвельт президент сайлауы өткенге дейін қолдай алмаймын деген. Президент Клинтон Польшаны НАТО-ға қабылдауды қолдайтынын 1996 жылы поляктар көп орналасқан Детройт қаласында жариялады. Алты миллионға жуық америкалық еврей қауымдастығы Америкада ең білімді де ең бай топ. Еврейлер ғылым саласында, бұқаралық ақпарат, саяси өмірде үлкен қызмет атқаруда. Таяу Шығыстағы Американың бір жақты Израильді қолдауы соның көрінісі. Еврейлер сонымен бірге Америкадағы мұсылман қауымдастығы билікке, әсіресе, сыртқы саясатқа араласпауын, ықпал жасамауын да қадағалайды. Сондай-ақ Американың ішкі және сыртқы саясатына куба, грек, армян қауымдастықтарының елеулі ықпалы бар. Кубалықтар Куба елінің тағдырына алаңдаса, гректер Кипр жағдайына, армяндар АҚШ-тың Әзірбайжанға көмек көрсетуіне тыйым салуды көздейді. АҚШ-тағы 10 миллион мексикандықтар “Латынамерикандықтардың мәселесі – американдықтардың мәселесі” деген ұранды ұстанады. Олардың Конгресте өз фракциясы бар. Афроамерикандықтар Американың Африкадағы саясатын

қадағалайды. Барак Обаманың АҚШ президенті болып сайлануы Африка елдері үшін үлкен мереке болды.

Америкадағы келісім, тұрақтылық ұзақ жылдар бойы тарихи дамудың, күрестің, елдің өмір сүру үшін тартымды мемлекетке айналуының жемісі. Әлем халқы Америкадан қашпайды, Америкада өмір сүргісі келетіндер, болмаса білім алатындар бүгінде баршылық. Америкаға сырттан соғысуға ешкім келмейді, керісінше, Америка өзі барып соғысады. Сондықтан, Американы біреулер мақтап, енді біреулер жек көріп жатады. Дегенмен де бүгін мұндағы бірлік, келісім – елдің басты мақсаты.

Еуропадағы “бір мемлекет – бір ұлт” идеясы

Еуропа ғасырлар бойы мемлекеттік ұлт идеясын ұстанып келеді. Мысалы, Франко зорлық-зомбылықпен, қан төгіп, баскілер мен каталондықтардың ұлттық қозғалыстарын басып-жаншығанмен, мызғымас біртұтас испан ұлттық қауымдастығы құрылмады. Еуропа мемлекеттері сондықтан мемлекетті біртұтас ұлтқа айналдыру үшін күш жұмсаудың, мемлекет деңгейінде ұран тастап, елді жалықтыратын үгіт-насихаттың да аздық ететінін түсінді. Ең бастысы, елдің этностық құрылымы, этностардың ерік-жігері, тұтас ел болуға ынтасы, мемлекеттің тұрмыс-тіршілікке ыңғайлылығы, демократиялық ахуал болды. Экономика жағынан қуатты, әлеуметтік молшылық пен еркіндікке қол жеткізген ел барша халықтың мемлекеттің мүддесіне, тіліне, мәдениетіне икемденуіне жағдай туғызды, халықтар сол мемлекетті отаным деп танып, басқа мемлекеттерге қарағанда жан-дүниесі жақын тұтады. Бұл өте ұзақ жылдар бойы, ұрпақтар алмасып барып қалыптасатын көңіл-күй, азаматтық сана-сезім. Жеке адам үшін ең қымбат, басты мұрат – жайлы әлеуметтік ахуал, тәртіп. Батыс Еуропада қолайлы жағдай жасалып, әлеуметтік ұлт идеясы үстемдік құрып жүзеге асты деген ой бүгін терең тараған. Ортақ мемлекеттік тіл, әділдік, отаншыл рух, патриотизм елді біріктіріп, келісім орнатып келеді.

Сонымен бірге Еуропада этностық қауымдастықтар да мемлекеттер жүйесінде өз орнын табуға ұмтылуда. Үш тілде сөйлейтін Бельгия Корольдігінің солтүстігінде 5,7 млн. фламандықтар фламан тілінде, оңтүстігінде 3,3 млн. валлондықтар француз тілінде, шығысындағы этностық топ неміс тілінде сөйлейді. Әр провинция ұлттық этностық негізде автономия құрып, Бельгия федеративтік мемлекетке айналды. Ұлтаралық мәселе әлі де шиеленісті жағдайда, мемлекет ыдыраудың аз-ақ алдында тұр. Ортақ құндылықтар әлі тұтастықты сақтауға негіз болып отыр.

Испанияның мемлекеттік құрамы да терең өзгерістерге ұшырады. 1979 жылдан бері Каталония, Баскония, Валенсия, Галисия және Балеар атаулары автономия алды. Мемлекет 17 әкімшілік-территориялық және ұлттық аймақтарға бөлінген. Ұлттық автономияларға табиғи ресурстарын пайдалануға, ұлттық мәдениеттерінің өркендеуіне, білім және басқа салаларда еркіндік берілген. Ал Ұлыбританияға келсек, онда шотландықтар мен уэльстіктерге арнайы ұлттық-территориялық әкімшіліктер құрылған. Орталық билік пен федеративтік байланыстардың жолдары қарастырылуда.

Шотландияның парламенті тәуелсіз сыртқы саясатқа және өте бай мұнай көздерін дербес билеуге ұмтылады.

Францияда корсикандықтардың сонау ХІХ ғасырда бастаған ұлтаралық қозғалысы 1991 жылы корсикан автономиясын құруға қол жеткізді. Францияның Ұлттық Мәжілісі ұзаққа созылған талқылаудан кейін “корсикан халқын” мойындады. Сонымен, Еуропада барлық ұлттық қауымдастықтар әртүрлі деңгейде өз мемлекеттілігіне қол жеткізді. Кеңес Одағы, Югославия мен Чехославакия ыдырағаннан кейін Еуропа Одағы сияқты жаңа конфедерациялық қауымдастыққа кіруге көптеген этностарға жол ашылды. Бүгін оған 28 мемлекет мүше, 6-7 мемлекет дайындық үстінде. Сондықтан Еуропада да бірегей “бір мемлекет – бір ұлт” идеясы толықтай салтанат құрды деу ертерек, ол түпкі мақсат болып қала береді.

“Ресей ұлты” хақында

Кеңес Одағы ыдырап, ұлтаралық қайшылықтар күш алған тұста Ресейде де “Ресей ұлты” идеясы алға тартыла бастады. Паспортта ұлты көрсетілмейтін болды. Батыстың конструктивизм теориясын негізге алып, ұлт аңыз, қиялдан туған қауымдастық деуші ғалымдар көбейді. Сонымен бірге олар Америкамен, Батыспен салыстырғанда елдің тұтастығы, бірлігінің төмендігін де мойындап, бірегей бір мемлекет – ұлт қалыптасу қиындығын да түсінді.

Ең бастысы, Ресей өзінің бағыт-бағдарын әлі анықтап алмаған мемлекет дейді Збигнев Бжезинский. Ол тура мынандай сұрақ қояды: “Является ли Россия национальным государством, основу которого составляют только русские, или Россия является по определению чем-то большим (как Великобритания – это больше, чем Англия) и, следовательно, ей судьбой назначено быть империей? Каковы – исторически, стратегически и этнически – действительные границы России? Следует ли рассматривать независимую Украину как временное отклонение в рамках этих исторических, стратегических и этнических понятий, (многие русские склонны считать именно так). Чтобы быть русским, должен ли человек быть русским с этнической точки зрения или он может быть русским с политической, а не этнической точки зрения (т.е. быть “россиянином” – что эквивалентно “британцу”, не “англичанину”)? Например, Ельцин и некоторые русские доказывали (трагическими последствиями), что чеченцев можно “даже должно считать русскими”. (Збигнев Бжезинский. Великая шахматная доска. М. 1999 ж., 119-бет.)

Бүгін Ресей Украинаны да, Грузияны да, басқа да постсоциалистік мемлекеттерді шошытып, өзі оқшау қалып отырған мемлекет. Сол З.Бжезинский айтқандай, “для Америки Россия слишком слаба, чтобы быть ее партнером, но, как и прежде, слишком сильна, чтобы быть просто ее пациентом” (сонда, 143-бет). Өзінің орнын таба алмаған Ресей бүгін көптеген елдердің бас ауруына айналды. Дегенмен, Ресейдің ішкі тұтастығы мен бірлігі де күрделі мәселе. В.Путин Ресей президенті болған тұста “ұлт” ұғымына этномәдени емес, азаматтық қауымдастық – “саяси ұлт” мәнін беруді жиі қолдады. Оның “ресейлік ұлт”, “Ресей азаматтары”, “біз ұлт ретінде”,

“біз Ресей халқы”, “біртұтас Ресей халқы”, тағы басқа сөздерінің астарында ұлтты мемлекеттік қауымдастық ретінде қабылдау идеясы жатыр. Ұлт және одан туатын “ұлттық мүдде” сияқты сөз тіркестері В.Путин жолдауларында жиі кездесті. Ресей ғалымдары В.Путин “ұлт” ұғымын 2000 ж. – 10 рет, 2005 ж. – 15 рет, 2007 ж. – 18 рет пайдаланды деп көрсетті (Общественные науки и современность, 2007 ж. №2, 69-бет). Сонымен, бүгін Ресей халқы ресейлік азаматтық қауымдастығына қарай бет алды. 90-жылдары Ресейдің көптеген азаматтарының санасында ресейліктен гөрі республикалық азаматтық басым болды. Якутия халқының 20%-ы ғана ресейлікпіз десе, Татарстан, Башқұртстан, тіпті Мәскеудің өзінде тұрғындардың төрттен бірі ғана ресейлікпіз деген. Ал 2006-2007 жылғы жүргізілген социологиялық зерттеулер бойынша, бірыңғай орыстар қоныстанған Свердловск, Томск, Воронеж облыстарында ресейлік азаматтармыз деушілер 86%, Якутияда якуттер – 63%, орыстар – 81% деңгейін көрсеткен (сонда, 70-72-беттер). Ресей паспорттыңда ұлтын көрсетпеу де пікірталас туғызды. Ұлтын көрсетпеу ұлт мәселесіне немқұрайлы қарау деп бағаланды, ұлттық республикаларда психологиялық қайшылықтар да бар. Ұлтын көрсетпеу өз ұлтынан бас тартқандай күй туғызады. Ал 1 млн. 500 мыңнан астам аралас некеден туған ресейліктер паспортта ұлтын көрсетпеуді ашық қолдады. “Ресей ұлтын” қалыптастыру барысында ассимиляцияға ұшырап, ұлтсызданғандарды, ұлтын орысқа ауыстырғандарды қолдау басым, ұлтсыздықты саяси мәдениетке, әдепке, төзімділікке, кеңдікке теңеу орын алған. 2005 жылдан бері Коми-Пермяк, Таймыр, Эвенки, Усть-Ордын Бурят, Коряк, Ағын Бурят автономиялық округтары тарады. Бұл орыс ұлтына қарсы психологияны өршітіп отыр. Шағын ұлт өкілдерінің арасында үрей көбейді. Әсіресе ненецтер мен адыгейлер орыстарға деген араздығын ашық білдіруде. Енді автономиялық республикалар да таратылады деген үрей пайда болды (“Литературная газета”, 14-20 мамыр, 2008 жыл).

Паспортта ұлтын көрсетпенгендіктен, ресейлік татарлар, чешендер, буряттар және басқалар орыс болып жазылады деп, орыс емес этностар бір толқыса, Грузиядағы орыстар грузин, Украинадағы орыстар украин, тағы басқа мемлекеттерде орыстар тегінен айырылады деген қауіп те жоқ емес. Сонымен, Ресей де “ресейлік ұлтқа” бет алды, бірақ бүгін ресейлік азаматтар үшін, әсіресе орыс емес қауымдастықтың арасында ұлттың этностық мазмұны басым. Ғалымдар Ресейдегі ұлтаралық қарым-қатынастардың дамуын физиканың энергияның сақталу және айналу заңы бойынша дамиды деп есептейді: сепаратистік қауіп бәсеңдеп, әлеуметтік шиеленістер азая бастаса, “біз жеңдік!” деген ұлыдержавалық шовинизм күш алады, ал ол өз кезегінде қайтадан сепаратизмді күшейтеді. Осылай цикл қайталана береді. Бұл болжамның ақиқатын уақыт көрсетеді.

“Қазақстандық ұлт” және қазақ тағдыры

Әлем мемлекеттерінің “бір мемлекет – бір ұлт” идеясын ұстануы қоғамдық тұрақтылық пен бірліктің қажеттілігінен туып отыр. Бірақ әр мемлекеттің ұлттық құрамы, тарихи тағдыры, мемлекет құрушы ұлттың саны мен сапасы, экономикалық, әлеуметтік, рухани жағдайы, геосаяси тұрғыдан

алатын орны әртүрлі болғандықтан, этностық және азаматтық қауымдастықтардың қалыптасу деңгейі әртүрлі. Этностардың жағдайын елемей, көңіл-күйі, сұраныстарымен есептеспей, бірыңғай бірлікке, азаматтыққа бейімдеу нигилизмге жетелейді, болмаса ашу, арыз тудырады. Баспасөз бетінде ұсынылып жүрген “Қазақстан азаматтары бара-бара балаларын бір сыныпта, бір мектепте оқытуы керек”, “бір тәрбие жүйесіне құралған мемлекеттік тілде тәрбие жүргізілетін балабақша болуы қажеттілік” (“Егемен Қазақстан”, 4 қараша, 2008 жыл) туралы пікірлер құлаққа жағымды, жүрекке жылы тигенмен, іс жүзінде Конституциямыздың әркімнің “оқу және шығармашылық тілін еркін тандап алуға құқығы бар” деген талабымен үйлеспей жатыр. Бүгін қазақ балаларының 18%-ы орыс мектебінде оқиды. Оқушылардың 40%-ға жуығы орыс тілінде білім алуда. Бір тілде білім беру ұсынысы орынды болғанымен, ол бүгінгі емес, ертеңгі күннің шаруасы.

Сондай-ақ мемлекеттің азаматтық қауымдастықты желеу етіп, этностардың мәдени, әлеуметтік мүдделерін шексіз қолдап, тым ымырашыл болуы да келісімге қол жеткізбейді. Мәселе, этностық қауымдастық пен азаматтық қауымдастықты тұрпайы теңестіруде де емес. Қазақстанда ұлттық қауымдастықтың да, азаматтық қауымдастықтың да тірегі, елдің тұтқасы – қазақтар. Қазақ басқалардай Қазақстанда тұрғандықтан ғана Қазақстан азаматы емес, қазақ жері тарихи отаны, алтын бесігі болғандықтан, басқа отаны болмағандықтан Қазақстанның азаматы болады, шетелде тұрса да елін сағынады.

Бірақ неге қазақтар “қазақстандық ұлт” идеясын негізінен қабылдамады? Ол қарсылық “ұлт” ұғымын тек этностық мәнінде қабылдауға байланысты ма, әлде алаңдауға басқа да негіздер бар ма деген сауал туады. Ол сауалға жауап беру үшін еліміздің ұлттық құрамына үңіліп көрелік.

1. Мемлекет құрушы қазақ ұлты ғасырлар бойы отарланған этнос. Қазақтардың басым көпшілігі ауылда, тұрмыстары ауыр, жұмыссыздықты басынан кешіріп отыр. Ал өндірістегі жұмысшылардың кәсіби деңгейі төмен, инженер мамандар аз, қазақтың тілі әлі де мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілмеген, шындығында, мемлекеттің тілі – орыс тілі, Қазақ елі ресейлік ақпараттың ықпалында қалып отыр, орысша ойлайды, сөйлейді, жазады.

2. Еліміздегі славян текті диаспоралар – орыстар, украиндықтар, белорустар, тағы басқалар негізінен отарлаушы мемлекеттің қол шоқпары болған, патша заманында да, кеңес заманында да елді отарлауға, орыстандыруға өз үлесін қосқандар, солардың ұрпақтары. Олардың сана-сезімінде орыс тілінің, мәдениетінің, жалпы орыстың артықшылығы туралы пікір терең ұялаған. Маркс айтқандай, қоғамдық болмыс өзгергенмен, қоғамдық сана тез, өзінен өзі өзгере салмайды. Сана өз заңдылығымен дамиды. Сондықтан еліміздегі славян қауымдастығының тілдік, мәдениетінің ассимиляцияға ықпалы әлі де зор. Өлілер тірілерден гөрі күдіретті деген сөз осыдан болар.

3. Жер аударылған этностар (неміс, чешен, кәріс, тағы басқалар) тарихи отандарына оралды, қалғандары орыстанған. Бүгін олар жас ұрпаққа ана

тілін үйретеміз деп талпынады, бірақ негізінен орысша білім алады, сөйлейді, жазады.

4. Мұсылман, түрік, шығыс халықтарының өкілдері тегі, діні, өркениеті жағынан қазаққа жақын, олар орыс тілі мен қазақ тілін тең меңгергендер.

5. Тарихи отаны жоқ, орыстанған ұсақ этностық, тіпті этнографиялық топтар.

Халқының басым көпшілігі орыс тілінде сөйлеп, ойлап дағдыланған Қазақстан орыстілді қауымдастыққа жақын. Жоғарыда біз сынаған ресейлік ғалым В.Тишков мемлекеттік тілден гөрі орыс тілінде көп сөйлейтін, жазатын, оқитын Қазақстан, Латвия, Украина орыстілді ұлтқа айналуға Ресейден гөрі жақынырақ дейді: “в правительственных кабинетах и президентских семьях, а также большинство населения столиц разговаривают не на том языке, который объявлен “национальным” или “государственным” (аталған мақала, 21-бет). Бұл жерде автормен келіспеске амал жоқ. Сырт көз сыншы деген осы. Ал іштен де ұлтқа төнген қауіпті қазақтар әртүрлі деңгейде сезініп отыр. Өзбекстанда да өзбекстандық қауымдастық идеясы туралы сөз қозғалып жатыр, бірақ қазақтардай ерін бауырына алып ренжіп жатқан өзбектер жоқ. Себебі, Өзбекстан тұрғындарының 97,7%-ы мемлекеттік тілді әртүрлі деңгейде меңгерген, соның ішінде славяндардың 74,4%-ы өзбек тілін біледі. Ел тұрғындарының 80%-ы – өзбектер. Сондықтан Өзбекстан мемлекеті мен өзбек этнос ұғымы синоним деуге болар, орыстану қауіпі тіпті жоқ. Сөйте тұра Өзбекстан азаматтарының 81,1%-ы паспортта ұлтын көрсетуді қолдаған, соның ішінде қырғыздар – 100%, өзбектер – 84,2%, татарлар – 75%, орыстар – 74,3%. (“Социологические исследования” 2008 жыл, №1, 93-бет). Бұл салыстыру тағы да қазақтардың ұлт болашағына алаңдауға негіз барлығын көрсетеді.

Үкіметтің “қазақстандық ұлт” идеясын терең зерттемей, ұсына салуы да елді қобалжытты. “Қазақстандық ұлт” идеясы алға тартылғанмен, оның басым тілі, рухани тірегі туралы ойды әманда бүгіп қалу, толық жеткізбеу, жауырды жаба тоқығандық сезіледі. Сондықтан “қазақстандық ұлт” идеясын ұлтсызданудың жалғасы деп түсіну басым. Бұл мәселеде бір пікірге тоқтап, келісім болмағандықтан, әртүрлі этностар өз тұрғысынан пайымдап келеді. Әлемде мемлекет құрушы ұлттың тілі түгел мемлекеттің тіліне айналған. Тілімізді мемлекеттік деп жариялап, басқа тілде сөйлеу біздің ғана басымызда бар.

Сонымен “қазақстандық ұлт” идеясына елдің алаңдауы қазақ ұлтының тілінің, мәдениетінің, ақпарат кеңістігінің әлсіздігінен туып отыр. Егер мемлекет қазақ тілі басым “қазақстандық ұлт” идеясын мақұлдап, бірінші кезекте орыс-қазақ қостілдігінен, қазақ-орыс, қазақ-өзбек, басқа да қостілдікке қарай қадам жасаса, ел дүрлікпес еді. Біздің тілдік саясатымызда ашық, нақты басымдықтар мен істер жетпей жатыр.

Елде азаматтық қауымдастықты, немесе “саяси ұлтты” қалыптастыру ұзақ уақытқа созылатын, талай тарихи белестерден өтетін құбылыс, оның мерзімін өлшеп айту мүмкін емес, ол үзілмей жалғаса беретін әрекет. Ресми ақпаратта Қазақстанда 130-ға жуық ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті өмір сүріп

жатыр дейміз. Шүкіршілік ететін жағдай бар да. Бірақ мемлекеттің ұлттық құрамы туралы статистикалық ақпарат этностық топтардың нақты жағдайларын айқындай бермейді. Этностық топтардың ұстамдары әртүрлі, біреулері ұлттық тегіне салқын қараса, енді біреулері өз ұлтымен мақтанады. Этнос мүшелері әр түрлі әлеуметтік топтарға жатады, біреуі бай, біреуі кедей, біреуі орта топқа лайық.

Литва ғалымдары ұлтаралық қатынастардағы мына бір ерекшелікке назар аударады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары литва тілінде сөйлейтін басқа ұлт өкілдерін сыйлап қана қоймай, тіпті таңғажайып құбылыс ретінде қараса, кейін барлық литвалық еместер – орыс, поляк, еврей, тағы басқалар тілдерін бұрап литваша сөйлей бастағанда, енді оларды әзілдейтін болды. Өз кезегінде литвалық еместер тілді білуге онан сайын ұмтылады. Ол ұмтылыстың астарында тек әзілден қашу емес, екі маңызды себеп жатты. Біріншіден, литвалықтар өз ана тілінде сөйлеп, басқаларды өздеріне бейімдеді. Литвалықтар сыйламаған литва тілін басқалардың сыйламайтынын олар жақсы біледі. Екіншіден, литва тілін меңгерген азаматтың мәртебесі орыс, ағылшын тілін меңгергендерден жоғары болды. Белгілі маман ретінде құрметке ие болу, табыс табу, кәсіпкер, жылжымайтын меншіктің иесі болу мемлекеттің тілін меңгерумен байланыстырылды. Осылай мемлекеттік тілдің төңірегінде оңды психологиялық ахуал қалыптасқан. Біздің елде осы екі жағдайдың екеуі де әзір жоқ. Қазақтың бір тобы ана тілін менсінбейді, ал мемлекет тілін меңгергендердің де мәртебесі, табысы орыс, ағылшын тілін білгендерден төмен. Біз бүгін тек әкімшілік ресурстарға ғана күш салып, қаржы ресурстары туралы ойланбаймыз.

Сырт көзбен қарағанда, күнделікті өмірде этносаралық қатынастар ешкімді ойландырмауы да мүмкін. Этностық қақтығыстар ғана назар аудартады, ал іштей шиеленістер байқалмайды. Парламент, Қазақстан халқы Ассамблеясы деңгейінде депутаттар мен ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері тіл табысқанымен, бұқаралық деңгейде тіл табысу қиын. Көңіл қойып назар салсақ, этносаралық ахуал күрделі. Қазақстан жерінде тұрып, азаматтық алғандықтан, азаматтық қауымдастық қалыптаспайды. Бүгін сырттай, жасанды патриот болып көріну басым. Қазіргі дағдарыс тұсында қаржысын шетелде сақтап, елге қол ұшын бермеген патриоттар қаншама? Сондай-ақ ішінен тынып жүргендер де көп. Кейде тіпті “біздің тыныш жүргенімізге рахмет айтындар” деп, бұлданатын диаспора өкілдері де бар. Ішкі қауымдастық бірлігіне сыртқы саясат та әсер етеді. Ресей Грузияны басып алған тұста бірқатар журналистер мен тұрғындар Қазақстан азаматы екенін ұмытып, Ресейді қолдады. Ресей мен Украинаның арасындағы қайшылық еліміздегі украиндықтар мен орыстардың, Армения мен Әзірбайжан арасындағы соғыс жағдайы елдегі әзірбайжандықтар мен армяндар арасына өз салқынын тигізеді. Қытайдағы ұйғырлардың жағдайы қазақстандық ұйғырларды алаңдатады, Түркиядағы курдтардың ахуалы еліміздегі түріктер мен курдтар арасына өз жағымсыз әсерін әкеледі. Ал Израильдің Газа секторындағы палестиндықтарды қырып-жоюы мұсылмандар мен еврей арасын салқындатады.

Ұлтаралық қатынастарда ұсақ-түйек болуы мүмкін емес. Адамның тегі, аты-жөні, тілі, бет-жүзі, түсі, шашы, көзі, ерні, мұрны, құлағы басқаларға этнос туралы ақпарат береді. Тіл қай ұлтты да айшықтап тұрады. Мәселен, қазақ тілін акцентпен сөйлеу жаңадан тіл үйреніп жүргендігін, қазақ болмаса басқа ұлт өкілі екендігін, қазақ болса, қазақстандық не ресейлік, еуропалық қазақ екенін танытады.

Қазақ өзін психологиялық жағынан құдіретті американдық, неміс, француз, болмаса орыс ұлтына теңей алмайды, керісінше, оған отарланған ұлттардың жан-дүниесі жақын. Аз ұлттардың бір тобы жұтылып кетіп, тек тарихта аты қалғанын білетін қазақ ұлтсыздануға қарсылық білдіреді. Ұлттың басынан өткен ауыр қайғы-қасірет, зорлық-зомбылық қазақты сақтыққа, сезікті ойға, күдіктенуге үйретті. “Қазақстандық ұлт”, “үш тұғырлы тіл”, ұлтсыз паспорт дегенде қазақ “тағы қандай пәлеге ұшыраймыз?” деп қауіптенеді. Биліктегі орыстанғандар озық ойды қабылдамайды, олар “күмәнденгіш”, “сезіктенгіш”, популистер деп кінәлап жатады. Тәуелсіздік алғанымызға 17 жылдан асса да, біздің атқарушы, заң шығарушы биліктегілердің бірқатары мемлекеттің, мемлекет құрушы ұлттың ерекшеліктерін түсінбей, “өркениетті елдердегідей” деп батыстық стандартты тықпалауда. Батыстың стандарттары көшіре салатын технология емес, ол мәдениеттер, дәстүрлер қарым-қатынасына, тұтастай этностар тағдырына байланысты.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Н.Назарбаев қазақстандық қоғамның даму мақсатын айқындайтын ұлттық бірліктің доктринасын әзірлеудің қажеттілігіне назар аударды. Ол құжаттың негізгі қағидалары мемлекеттің 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарына енгізілуі қажет болып отыр. “Қазақстандық ұлт” дейік, “Қазақстан халқы” дейік, біздің басты мақсат – қазақтар мен қазақстандықтар қазақ тілінде басым сөйлейтін, жазатын, еліміздегі диаспоралардың тағдырына жауапкершілігін сезінетін, қазақтың мәртебесі зор мемлекеті болу.

Ұлтымыздың, тәуелсіз мемлекетіміздің алдында ақиқаттан айнымайық.